

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Балалардағы стоматологиялық ауруларды функциональды диагностикалаудың әдістері.

Орындаған: Ташкенбаева Д.
Қабылдаған: Лукпанова Ш.З.
Курс: 5
Тобы: 12-001-02

ЖОСПАР:


- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- ❖ Төменгі жақ қозғалысын зерттеу әдістері
- ❖ Тісжақ аймағы жүйесінің функцияларын зерттеу:
 - 1) шайнау функциясы;
 - 2) сөйлеу функциясы;
 - 3) жұтыну функциясы;
 - 4) тыныс алу функциясы.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ДИАГНОСТИКА

Негізгі мақсаты түрлі мүшелердің және ағзаның физиологиялық жүйелері функцияларының нормадан ауытқуы және бұзылу дәрежесін немесе олардың қызмет етуінің басқа да объективті көрсеткіштерін әр түрлі әдістермен зерттеу негізінде бағалау және анықтау.

Төменгі жақ қозғалысын зерттеу әдістері

- **Гнатодинамография** – төменгі жақ қозғалысын зерттеу әдісі болып табылады. Төменгі жақ буын басының буындық, сагитальды, бүйір жолдарын анықтау үшін Гизи беттік доғасы қолданылады. Ауызішілік бөлігі тіске, ал сыртқы бөлігін ішкісіне параллель орналасады. Дуга ұшы буын басының орналасуына сәйкес тұрады. Оған карандаш орнатып, төменгі жақтың алдыға жылжуы барысында буын басының орын ауыстыру жолын қағазға сызады. Оклюзиялық жазықтыққа қатысты бұрышы 20-40°



Электромиография

- Электромиография тістерді жартылай немесе толық жоғалтқанда шайнау бұлшық еттерінің қызметін зерттегенде, шықшыт буыны мен шайнау бұлшық еттері ауруларында қолданылады





Рис. 13. Электромиография.

Миоартрография, Артрофонография


Миоартрография- меншікті шайнау бұлшықетінің жиырылуын бекіту және буын басының қимылын электронды миоартрографқа бекіту.

Артрофонография- СТЖБ шуылды, сықырды, тырсылдауды және морфологиялық, функционалды бұзылыстарды диагностикалауға арналған аускультациялау әдісі.



Мастикациография

- - төменгі жақ сүйек шайнау қимылдарының графикалық бейнесін түсіру. Төменгі жақ сүйек қозғалысын ауыздан тыс немесе ауыз ішінде жазуға болады. Ол үшін түрлі аппараттар мен құрылғылар қолданылады.
- Төменгі жақ сүйегі қозғалыстарын ауыздан тыс графикалық тіркеуді дамытуға И.С.Рубинов маңызды үлес қосқан. Ол аппарат құрастырып, зерттеу әдістемесін дайындады. Ғалым төменгі жақ сүйек кешенді қимылын кимографта ауа тасымалы арқылы тіркеп отырды. Ауа тасымалы иек аймағында бекітілген резеңке баллоннан резеңке түтікшелер бойымен Мареев капсуласына жетті. Аталған капсулаға жазушы құрал бекітілді. Осы әдісті автор “мастикациография” деп атады



Тісжақ аймағы жүйесінің функцияларын зерттеу

- Қызметтік функциялық әдістер оларға қызметтік шайнау сынамалары жатады. Қызметтік шайнау сынамалары шайнау тиімділігін дәл және тура бағалауға мүмкіндік береді.
Кез- келген шайнау сынамасын өткізу үшін негізгі кезеңнен тұрады:
 - I- тест өнімі үлесін таңдау мен дайындау;
 - II- тест үлесін шайнау;
 - III- ұсақталған материалды гранулометриялы (сүзгілік) талдау.Шайнау тиімділігін шайнаудың бұзылуы туралы неғұрлым тура түсінік беретін қызметтік сынамалар көмегімен анықтайды.

ХРИСТИАНСЕН СЫНАМАСЫ

- Алғашқы қызметтік сынаманы Христиансен дайындаған. Ол шайнау қабілетін белгілі тығыздықпен салмақтағы асты ұсату дәрежесіне қарай анықтауды ұсынды. Зерттелушіге 5гр орман немесе кокос жаңғағын шайнауға берген. 50шайнау қимылынан кейін ол ас массасын түкіріп тастаған, осы массаны кептіріп, ұсату дәрежесін білу үшін сүзгіден өткізген. Шайнау қабілетін сүзгідегі қалдық бойынша бағалаған.

С.Е.Гельман сынаамасы

- С.Е.Гельман шайнау сынаамасының әдістемесін жетілдіріп, қолданысқа ыңғайлы қарапайым деңгейде түсірді. Орман жаңғағының орнына 5гр бадам алып, 50 қимыл орнына науқасқа 5секунд шайнау уақытын берді.

И.С.Рубинов сынаамасы.

- Қызметтік шайнау сынаамасын әрі қарай И.С. Рубинов дамытты. Ол науқасқа 0,8гр жаңғақ ұсынды, бұл салмақ шамамен 1 бадам дәнінің массасына тең, сынааманы өткізу тәртібі мынадай: зерттелушіге 0,8гр орман жаңғағын беріп, оны жұтыну рефлексі туындағанша шайнауын сұрайды, науқас ұсатылған жаңғақты жұтынуға талпынғанда, осы массаны бүйрек тәрізді ыдысқа түкіріп тастауы керек. Жаңғақты шайнау уақыты секундомермен өлшенеді. Қызметтік сынама нәтижесінде екі көрсеткіш: шайналған ас пайызы (шайнау қабілеті) және шайнау уақыты алынады.

Сөйлеу функциясы

- Палатография дегеніміз-сөйлеу қызметінің артикуляциялық сипаттамасын зерттеуге арналған экспериментальды әдіс.
- Көбінде балаларда дыбыстау кезінде (с,з,ц), (ш,ж,ч,щ), және тілдік (р,л) осы дыбыстардың айтылуында бұзылыстар болады.



З, С, Ц дыбыстарын дұрыс айта алмағаныда:

- Ашық тістем;
- Диастема;
- Прогнатия;
- Прогения;
- Айқасқан тістем;
- Тістер саны мен көлемінің аномалиясы;
- Еріндерінің қозғалысының бұзылысы;
- Тілдің ұшының алдыға және жоғары қарай қозғалтуының қиындауы.

Ш, Ж, Ч, Щ дыбыстарын дұрыс айта алмағанда:

- Ашық тістем;
- Прогнатия;
- Тістердің тілдік бетке иілуі;
- Прогения;
- Терең тістем;
- Тіл, еріндерінің қозғалтуының шектелуі;
- Подбородочной мышцы;
- Макроглоссия.

Р, Л дыбыстарын дұрыс айта алмағанда:

- Жақтардың тарылуы;
- Прогнатия;
- Терең тістем;
- Тар биік таңдай;
- Аласа жалпақ таңдай;
- Тіл ұшы қозғалысы бұзылысы;
- Кішкентай тіл.

Тыныс алу функциясы

- Штанга сынама-сы-задержка дыхания после мах вдоха. 30-60сек.
- Генча сынама-сы-задержка дыхания после мах выдоха. 20-30сек.



Қорытынды

Стоматологиялық науқасты тексеру барысында аурудың диагнозын нақтылау үшін көптеген әдістер қолданылады. Олардың әрқайсысының да үлкен маңызы бар. Дегенмен белгілі бір аурудың диагнозын анықтауда маман-дәрігердің біліктілігі басты рөл атқаратындығы дау тудырмайтыны ақиқат. Сондықтан да стоматологиялық науқасты тексеру әдістерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады: негізгі және қосалқы немесе арнаулы тексеру әдістері. Врач стоматологтар егер сіз жоғарыда айтылған тексеру әдістерін дұрыс жүргізіп дұрыс диагноз қоя білсеңіз ауруды алдын аласыз деген үміттеміз.

Назарларыңызға рахмет!